



БҰЙРЫҚ

27.11.2017

Қостанай қаласы

ПРИКАЗ

№ 609

город Костанай

### Оңалту басқарушыны босату туралы

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 10-тармағының 3) тармақшасына және 15-бабының 3) тармақшасына сәйкес және 2017 жылғы 13 қазандағы «Қоныспай-агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - ЖШС) кредиторлар жиналысы хаттамасының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оңалту басқарушы Есентай Касымсейтов оны босату туралы кредиторлар жиналысының шешіміне байланысты «Қоныспай-агро» ЖШС-ның (БСН 011240002621) мүлкін және істерін басқарудан босатылсын.

2. Е. Касымсейтов үш жұмыс күнінен кешіктірмей мерзімде борышкердің барлық құжаттарын, құрылтай, қаржылық және мүлікке құқық белгілейтін құжаттарды қоса, борышкердің барлық мүлкін (активтер), сондай-ақ борышкердің мөрін жаңадан тағайындалған оңалту басқарушыға тапсырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшының орынбасары С.А. Ахметовке жүктелсін.

Департамент басшысы



А. Жақанов

010564